

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
ҚЫЗЫЛОРДА БОЛАШАҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Шильманова А.М. - Ғылым және жоғары білім министрлігінің
проректоры
Сайлаубаева Н.С. - Ғылым және жоғары білім министрлігінің
Мерзімов А.К. - Ғылым және жоғары білім министрлігінің
Қызылорда «Болашақ» университетінің
«11» сәуірі 2022 ж.

Бекітемін
«Болашақ» университетінің
ректоры м.а., э.ғ.к.
А.М. Шильманова
» _____ 2022 жыл



ДУАЛЬДЫ ОҚЫТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ
ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

Қызылорда, 2022 жыл

Құрастырғандар:

Шильманова А.М. - э.ғ.к., академиялық мәселелер және ғылыми жұмыстар жөніндегі проректор.

Сайлаубекова Н.С. - т.ғ.к., академиялық мәселелер жөніндегі басқарма басшысы.

Мырзанова А.К. - академиялық мәселелер жөніндегі басқарманың бас әдіскері.

Қызылорда «Болашақ» университетінің Ғылыми Кеңесінің шешімі № 1 хаттама «01»
қыркүйек 2022 ж.

МАЗМҰНЫ

1. Жалпы ережелер
2. Нормативтік сілтемелер
3. Қызылорда «Болашақ» университетінде дуальды оқыту
4. Дуальды оқыту жүйесін енгізудің мақсаты мен міндеттері
5. Дуальды оқыту жүйесінің элементтерін қолдана отырып оқу процесін ұйымдастыру
6. Дуальды оқыту элементтерін ұйымдастыру процесіне қатысушылардың функциялары

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы дуальді оқытуды ұйымдастыру туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) Қызылорда «Болашақ» университеті (бұдан әрі-Университет) 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне, "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 46-12) тармақшасына сәйкес педагог кадрларды тереңдетілген кәсіптік даярлауды іске асыру мақсатында әзірленді.

1.2. Осы Ережені қолдану мынадай мақсаттарға қол жеткізуді көздейді: теориялық оқытуды практикалық дайындықпен ұштастыру негізінде білім беру қызметін жоспарлау және ұйымдастыру;

пәннің оқу материалының кемінде 30%-ын тікелей өндірісте игеруді қамтамасыз ету (психологиялық-педагогикалық процесс, шығармашылық қызмет процесі, технологиялық процесс, қаржы-экономикалық процестер және т. б.);

білім беру траекторияларын қалыптастыру мәдениетін дамыту, курстар мен білім беру бағдарламалары бойынша оқыту бағдарламалары мен технологияларын үндестіру және үйлестіру;

еңбек нарығының қажеттіліктерін қанағаттандыруды қамтамасыз ететін педагог кадрларды кәсіби даярлауды дамыту;

жоғары кәсібилігі мен ұтқырлығын қамтамасыз ететін педагогикалық кадрларды даярлау жүйесі үшін «Болашақ» университетінің оқу білім беру бағдарламаларының мазмұны мен құрылымын өзгерту және сапалы жаңарту;

1.3. Ереже Қызылорда «Болашақ» университеті мен білім беру ұйымдары арасындағы әлеуметтік әріптестікті және өзара іс-қимыл тетіктерін дамыту мақсатында әзірленді.

1.4. Ереже республиканың барлық ұйымдық-құқықтық нысандары мен меншік нысандарындағы білім беру ұйымдарында бакалавриат пен магистратураның білім беру бағдарламаларын меңгеретін күндізгі оқу нысанында Қызылорда «Болашақ» университеті білім алушыларын дуалды оқытуды ұйымдастыру және өткізу тәртібін айқындайды.

1.5. Дуальды оқыту Қызылорда «Болашақ» университетінің, білім беру ұйымдарының оқытуды жүзеге асыру және оқу қызметінің өзге де түрлерін жүзеге асыру үшін қажетті ресурстарға ие өзара іс-қимылына негізделген білім беру бағдарламаларын іске асыру нысаны болып табылады.

2. Нормативтік сілтемелер

Осы Ережеде пайдаланылған сілтемелер:

2.1. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» заңы (27.12.2019 № 294-VI өзгертулері және толықтыруларымен);

2.2. Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы (05.05.2020ж.№182 бұйрығымен өзгерістер мен толықтыруларымен);

2.3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығымен бекітілген «Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 563 бұйрығымен өзгерістер енгізілген);

2.4. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Министрлігінің 30 қазандағы 2018 жылғы №595 «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы негізінде жасалған (09.01.2019 ж. өзгерістерімен); (ҚР Білім және ғылым министрінің 09.06.2021 ж. № 282 өзгерістерімен);

2.5. 2017 жылғы 8 маусымдағы №133 «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық– Кәсіпкерлер палатасының "Педагог" кәсіби стандарты;

2.6. Дуальді оқытуды ұйымдастыру ережелері. ҚР БҒМ 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 50 бұйрығы бекітілді. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 9 наурызда № 13422 болып тіркелді (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 11 қыркүйегіндегі № 455 бұйрығымен өзгерістер енгізілген);

2.7. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы "Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты"

3. Қызылорда «Болашақ» университетінде дуальды оқыту

3.1 Дуалды оқыту жүйесі – кәсіптік оқыту мақсатында бірлесіп әрекет ететін екі ұйымның: кәсіпорын мен ЖОО-ның өзара іс-қимылына негізделген оқыту жүйесі. Екі мекеме де бір-біріне қатысты тәуелсіз серіктестер болып табылады.

3.2 Дуалды оқыту қатысушылары:

- білім беру бағдарламаларын іске асыратын оқу орны;
- меншік нысанына қарасты ұйымдар (кәсіпорындар);
- оқушы - студент.

3.3 Дуалды оқыту элементтерінің міндетті компоненттері:

- кафедра филиалдары туралы ереже;
- кафедра филиалдары туралы келісім-шарт;
- практикалық сабақтардан өту орнын көрсете отырып, әзірленген сабақ кестесі;

4. Дуальды оқыту жүйесін енгізудің мақсаты мен міндеттері

4.1 Дуалды оқыту элементтерін енгізудің мақсаты білім алушылардың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес кәсіптік оқытудың негізгі бағдарламаларын сапалы меңгеруі, сондай-ақ олардың кәсіптік салада практикалық жұмыс дағдыларын меңгеруі болып табылады.

4.2 Келесі міндеттерді орындау кезінде мақсатқа қол жеткізуге болады:

- білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру;
- «Болашақ» университетінің түлектерін жұмысқа орналастырудың жоғары пайызын қамтамасыз ету;
- жұмыс берушілердің кадрлық әлеуеті мен материалдық-техникалық базасын пайдалана отырып, білім беру бағдарламалары мен практикалық сабақтарды жүзеге асыру;
- сабақтастықты, интеграцияланған кәсіптік білім беру бағдарламаларын іске асыру;
- университеттің оқу-зертханалық және оқу-өндірістік базаларын жаңғырту үшін жұмыс берушілерді тарту;
- білім алушыларды кәсіптік бағдарлау және түлектерді жұмысқа орналастыру бойынша жұмыстарды жүргізуде университет пен бизнес-қоғамдастықтардың өзара іс-қимылдарын үйлестіру бойынша ұсыныстар енгізу;
- студентке бағдарланған оқытуды күшейту, білім алушының өзіндік жұмысын жеделдету;
- Өндірісте заманауи инновациялық технологияларды қолдану есебінен оқыту сапасын арттыру.

5. Дуальды оқыту жүйесінің элементтерін қолдана отырып оқу процесін ұйымдастыру

5.1 Дуальды оқыту элементтерін енгізе отырып, оқу процесін ұйымдастыру кафедра филиалдары және өндірістік практикадан өту туралы шарттарға сәйкес жүзеге асырылады. Дуальды оқыту жүйесінің элементтері оқу-әдістемелік және ғылыми жұмыстар жөніндегі проректор бекітетін оқу сабақтарының кестесінде көрініс табады.

5.2 Дуальды оқыту элементтерін енгізу кезінде оқу процесі университеттегі теориялық сабақтарды қамтиды, ал практикалық сабақтар, курстық, дипломдық жобалау өндірісте және кафедра филиалдарында жүзеге асырылады.

5.3 Өндірістегі оқыту мен нысаны, мазмұны мен көлемі қолданыстағы білім беру бағдарламалары негізінде анықталады.

5.4 Университет дуальды оқыту жүйесінің элементтерін енгізу үшін теориялық оқытуды өндірістегі практикалық дайындықпен ұштастыру негізінде білім беру қызметін жоспарлау мен ұйымдастыруды жүзеге асырады.

Бұл ретте пәннің оқу материалының 40%-на дейін тікелей өндірісте меңгеруді қарастыру қажет (технологиялық процесс, шығармашылық қызмет процесі, қаржы-экономикалық процестер, психологиялық-педагогикалық процесс және басқалар).

5.5 Дуалды оқыту кезінде білім алушы білім беру бағдарламасының ерекшелігіне сәйкес белгілі бір тапсырмаларды орындайды.

6. Дуальды оқыту элементтерін ұйымдастыру процесіне қатысушылардың функциялары

6.1 Оқу орны:

- оқу үрдісіне қажетті жағдай жасайды;
- білім алушылардың практикалық сабақтарының кестесін ұйыммен (кәсіпорынмен) келіседі;
- ұйымның (кәсіпорынның) талаптарын ескере отырып, білім беру бағдарламаларын іске асырады;
- ұйымда (кәсіпорында) білім алушының практикалық сабақтарға қатысуын мерзімді бақылау жүргізеді;
- студенттердің сабақ кестесіне сәйкес практикалық сабақтарға және академиялық күнтізбеге сәйкес кәсіби тәжірибелерге келуін қамтамасыз етеді.

6.2 Ұйым (кәсіпорын):

- практикалық сабақтарды өткізу үшін жағдайларды қамтамасыз етеді;
- материалдық-техникалық базамен таныстырады;
- жұмыс жағдайымен, осы саланы реттейтін нормативтік құқықтық актілермен, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жағдайларымен таныстырады;
- білім беру бағдарламаларына сәйкес практикалық сабақтар өткізуді ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;
- оқытуға басшылық жасау үшін білікті мамандар ұсынуды қамтамасыз етеді;
- ұйымдағы жетекші білім беру бағдарламасы бойынша студенттің практикалық сабағының бағалануына ықпал жасайды және қорытынды есебін ұсынады.
- еңбек тәртібін және ішкі тәртіп ережелерін бұзудың барлық жағдайлары туралы университетке хабарлайды.

6.3 Білім алушы:

- ұйымның (кәсіпорынның) шарттарымен, осы саланы реттейтін нормативтік құқықтық актілермен, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау шарттарымен танысады;
- оқу және өндірістік тәртіпті, ішкі еңбек тәртібі ережелерін, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы талаптарын сақтайды;
- кестеге сәйкес практикалық сабақтарға қатысады.